

## ЖҰБАТҚАН МҰРАТБАЕВТЫҢ "ТЕМІРҚАЗЫҚ" РОМАНЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Алдонгарова Шамшырақ Абдигапбар қызы

*Өзбекстан Ғылымдар Академиясы, Қарақалпақстан бөлімі, Қарақалпақ  
гуманитар пәндер ғылым зерттеу институты*

**Аннотация:** *Мақалада қарақалпақ әдебиетінің көрнекті өкілі Жұбатқан Мұратбаев прозасының жанрлық ерекшеліктері туралы сөз етіледі. Жазушы әдебиеттің түрлі жанрларында қалам тербегені, олардың көркемдік шеберлігі, жазушы шығармашылығының кеңдігі жайлы айтылады.*

**Кілт сөздер:** *Проза, роман, "Темірқазық" романы, Ахмет Яссауи мавзолейі, Әмір Темір бейнесі.*

Әдебиеттануда проза жанрлары бірнеше негізгі түрлерге жіктеледі. Оларға роман, повесть, әңгіме, новелла, очерк, эссе және публицистикалық проза секілді жанрлар жатады. Әр жанрдың өзіндік табиғаты, құрылымдық ерекшелігі мен бейнелеу тәсілдері бар. Қарақалпақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі-Жұбатқан Мұратбаев. Оның шығармашылық жолы жанрлық әртүрлілігімен, тарихи шындықты жақсы игеруімен және публицистикалық стильде әдеби тәсілмен табиғи үйлесуімен ерекшеленеді. Оның прозасы тек бір бағытта ғана емес, әртүрлі жанрда мысалы тарихи роман, («Дығырық»), дастандар («Шежіренің шыбығы»), («Аққуға оқ дарымайды»), повесть, («Жесір», «Періштелер», «Шынар» т.б) әңгімелер («Інкәр сұлу», «Жаяу жарыс», «Жалаңтөс және Сасық би» т.б), очерктер мен публицистикалық мақалалар, тіпті сатиралық жанрды да қамтиды.

Жазушы негізінен 1961 жылы Самарқанд ауыл шаруашылығы институтын (1, 110 б) бітіріп шығады. Негізгі кәсібі-ветеринария саласы бойынша. Өзінің жұмысын жасай жүріп, әртүрлі ауылдарда болып, шопандармен танысып, сол кісілерден тарихи деректерді, аңыздарды сұрап, одан бөлек халық арасындағы шежіре тарихын білетін кісілерден мәліметтер алып, өз кәсібімен бірге жазушылықты да қатар алып жүреді.

Ол туралы жазушының өзі, «Қарақалпақ халқының бұрынғы тарихи әдебиетін жеке алып қарамай, ежелгі заманнан бері бірге жасап келе жатқан негізі бір, түркі тілдес қазақ, өзбек, ноғай, түркмен, башқұрт халықтарының топтасып бірге жүрген, бірге жасаған кезеңінен бастап зерттеп, қарақалпақ халқының шежіресінің үш кітабын жаздым» (2.58 б)-деп айтып өтеді.



Кітаптың біріншісі -«Темірқазық» деп аталады, ол тарихи жанрда жазылған роман. Роман дегеннің өзі-«эпостық жанрдың ең жоғарғы түрі. Роман, эпостық жанрдың басқаларымен салыстырғанда, өмірді, оның әр алуан құбылыстарын, адамдардың араларындағы қарым-қатынастарды кең қамтып, терең суреттейді». (3, 232 бет) Кітаптың бірінші бөлімі-«Көкжиек» деп аталады, ол әйгілі Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі құрылған дәуірлерін суреттейді. Ал, екінші бөлімі болса-«Темірқазық» деп аталып, онда қарақалпақ халқының басынан кешкен қиын-қыстау тарихи кезеңдерін, қазақ халқымен достық қарым-қатынасын суреттейді. «...тарихи романның өзіне тән айырып тұрушы белгілері бар. Өзбек әдеби сынында бұл тараудағы тартыстарды саралап, профессор Акрам Каттабеков мынадай қорытындығы келеді: «Солай етіп, ең жақсы романдарға тән қасиеттер: 1. Шығарманың объекті ретінде халық және қоғам өміріндегі ең маңызды саналған кезеңдер, оқиғалар және көзге түскен кейіпкерлердің өмірі суреттелуі; 2. Суреттеліп отырған дәуір және ондағы оқиғалар, тарихи кейіпкерлерге жазушының ғылыми-эстетик концепциясының бөртіп тұру керектігі, дәуірдің қоғамдық-саяси характеристикасын жарату»(4, 221 б)-деген сияқты романға тиісті қасиеттерді ескеретін болсақ, жазушының бұл шығармасы толық тарихи жанрда жазылған роман деуге әбден болады. Себебі, «Көкжиек» атты бірінші бөлімде Яссы өзенінің жағасын бойлаған қазақ және қарақалпақ халықтарының әлеуметтік жағдайы айтып өтіледі.

«Яссы дариясының бойында отырған қазақ ауылдарына көршілес қарақалпақтың кенегес, маңғыт, мүйтен, қытай, қоңырат руларының диқандарына биылғы жыл өте жағдайлы келді. Жаз ыссы болады, су тасу деп диқаншылыққа жылдағыдан ерте кірісті

Шаруа жылдың төрт маусымында да тарықпайды. Кемердегі қызыл ерте көктеді. Раң шөбі малдың аузына ерте ілінетін болғаннан мал өсірген қазақ ауылдары төлдеуден бұрын, жылдағы мал төлдететін жайлауларына көшіп қонды. Қабында көже пісіретін астығы болмаса да, нан орнына сорпаға ірімшік, құртын жібітіп жеп, су орнына ағарғанын ішіп жүре береді. Науқастары көктемде қысыр емген тайдың қазысының сорпасына, қойдың сүтінен істеген сүзбені езіп ішеді. Жыл қанша қолайсыз келсе де, сауыны бар үйлер тарықпайды»(5, 3/4 б),-дейді. Осыдан-ақ, халықтың қандай жақсы жағдайда, барына қанағат етіп, шүкірлікте жасап жатқандығын көруге болады. Бұл біз жоғарыда айтып өткен романға тән қасиеттердің біріне дәл келеді.

Тарихи тұлға Әмір Темірдің де кескін-келбетін айқындап, оның Қожа Ахмет Яссауи мешіті құрылысын алып барғаны автор тарапынан көркемдік тұрғыда жоғары дәрежеде суреттеледі.



«Көркем әдебиет, соның ішінде, роман белгілі бір уақыт шеңбері және кеңістікте болып өтетін тұрмыстық оқиғаларды суреттейді» (6, 13 б) Шыныменде, бұл романда кейіпкерлер қатысумен түрлі тұрмыстық оқиғаларды, адамилық қасиеттерді, қоғам жайын сол бір мешіт құрылысы болған уақыт кеңістігінде көреміз. Ол сәтте Әмір Темірдің жорыққа аттануы, мешіт құрылысына жауапты етіп, жары Шолпан Мәлікті сайлап кетуі, бір жағынан оның ақылдылығына, екіншіден адалдығына көз жеткізу еді. Осы оқиғалардың барлығы да жазушының шеберлігімен ізбе-із, өте түсінікті баяндалады.

Қорыта келгенде, жазушы Жұбатқан Мұратбаев әдебиеттің түрлі жанрларында шығармалар жазып, қарақалпақ әдебиетіне өз үлесін қосқан жазушы. Жазушының әр жанрдағы шығармаларының ерекшеліктері, стильдік құралдары мен көркемдік тәсілдерін тереңірек талдау, оның әдеби мұрасын кеңінен тануға жол ашады. Ол тек қана бір жанрда қалам тербетіп қана қоймай, роман, повесть, публицистикалық және әңгіме сияқты жанрларда да жазды. Бұл Жұбатқан Мұратбаев шығармашылығының көркемдік шеберлігін, көпқырлылығын, тақырыптық мәселелерді әртүрлі тәсілдермен көрсете алғандығын дәлелдейді. Десе де, Жұбатқан Мұратбаевты көбісі-шежіреші ретінде жақсы таниды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Қарақалпақстан жазушылары, «JAZIWSHI» баспасы, Нөкис-2025
  - 2.Ж. Муратбаев, «Ақкыуға оқ дарымайды», «Билим» баспасы, Нөкис-1993
  - 3.З. Қабдолов, «Сөз өнері», «САНАТ»-Алматы 2007
  - 4.Х. Умуров, «Адабиет назарияси» дарслик, Тошкент-2002
  - 5.Ж. Муратбаев «Темірқазық», «Жазушы»-Алматы 1991
  - 6.П. Нуржанов, «Әдебиат хаққында ойлар», «Билим»-Нөкис 2023
- Xatamova D. M. O'RIK MAHSULOTLARINING FOYDALARI VA ISHLATILISHI //Новости образования: исследование в XXI веке. – 2023. – Т. 1. – №. 12. – С. 498-501.
- Jamolov R. Q., Xatamova D. M., Xolmatova M. A. Asalning tasnifi va kimyoviy tarkibi //Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences. – 2022. – Т. 2. – №. 11. – С. 1031-1036.
- Jamolov, R. Q., D. M. Xatamova, and M. A. Xolmatova. "Asalning tasnifi va kimyoviy tarkibi." Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences 2.11 (2022): 1031-1036.



Jamolov, R. Q., Xatamova, D. M., & Xolmatova, M. A. (2022). Asalning tasnifi va kimyoviy tarkibi. *Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences*, 2(11), 1031-1036.

Xatamova D. M., Burxanova M. U., Muxtorova N. I. MENDELEYEV DAVRIY SISTEMASIDAGI YONAKI GURUH ELEMENTLARINI O ‘QITISHDA YANGI PEDAGOGIK TEXNOLOGIYALAR. – 2025.

Xatamova, D. M., M. U. Burxanova, and N. I. Muxtorova. "MENDELEYEV DAVRIY SISTEMASIDAGI YONAKI GURUH ELEMENTLARINI O ‘QITISHDA YANGI PEDAGOGIK TEXNOLOGIYALAR." (2025): 199-200.

Xatamova, D. M., Burxanova, M. U., & Muxtorova, N. I. (2025). MENDELEYEV DAVRIY SISTEMASIDAGI YONAKI GURUH ELEMENTLARINI O ‘QITISHDA YANGI PEDAGOGIK TEXNOLOGIYALAR.

Xatamova D. M., Muxtorova N. I., Abduvoxidova N. A. SUBXONI VA SUPXONI O ‘RIK NAVLARINI QIYOSLASH //IMRAS. – 2025. – T. 8. – №. 6. – C. 268-273.

Xatamova, D. M., N. I. Muxtorova, and N. A. Abduvoxidova. "SUBXONI VA SUPXONI O ‘RIK NAVLARINI QIYOSLASH." IMRAS 8.6 (2025): 268-273.

Xatamova, D. M., Muxtorova, N. I., & Abduvoxidova, N. A. (2025). SUBXONI VA SUPXONI O ‘RIK NAVLARINI QIYOSLASH. IMRAS, 8(6), 268-273.

Xatamova D. M., Abdullayeva G. B., Zokirova M. M. O ‘RTA MAKTAB KIMYO KURSIDA “OKSIDLAR” MAVZUSINI O ‘QITISHDA YANGI PEDAGOGIK TEXNOLOGIYALARDAN FOYDALANISH //SCHOLAR. – 2025. – T. 3. – №. 7. – C. 37-41.

Xatamova, D. M., G. B. Abdullayeva, and M. M. Zokirova. "O ‘RTA MAKTAB KIMYO KURSIDA “OKSIDLAR” MAVZUSINI O ‘QITISHDA YANGI PEDAGOGIK TEXNOLOGIYALARDAN FOYDALANISH." SCHOLAR 3.7 (2025): 37-41.

Xatamova, D. M., Abdullayeva, G. B., & Zokirova, M. M. (2025). O ‘RTA MAKTAB KIMYO KURSIDA “OKSIDLAR” MAVZUSINI O ‘QITISHDA YANGI PEDAGOGIK TEXNOLOGIYALARDAN FOYDALANISH. SCHOLAR, 3(7), 37-41.

